

САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

✓ Консерваторияның мақсаты:

Консерватория қызметінің мақсаты – мәдениет пен өнер саласында ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын, ұлттық мәдени және рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған дербес шығармашылық қызметке дайын түлектерді даярлау.

✓ Консерваторияның міндеттері:

- 1) өз миссиясын орындау үшін ішкі ортаны трансформациялау;
- 2) білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіру мақсатында сыртқы ортамен өзара әрекеттесу түрлерін кеңейту;
- 3) бәсекелік артықшылықтарды сақтау үшін қызметтің барлық бағыттары бойынша дамуды тұрақты қамтамасыз ету.

✓ ЖОО келешегі:

2029 жылы Консерватория заманауи шығармашылық жоғары оқу орны ретінде танылып, кәсіби музыкант-орындаушыларды, композиторларды, музыкатанушыларды, дирижерлер мен арт-менеджерлерді даярлауды жүзеге асырады. Олар өз мамандығы бойынша орындаушылық, ағартушылық және педагогикалық дағдыларды меңгерген, ғылыми жетістіктерді, креативті және цифрлық индустрияларды іс-тәжірибесінде қолдана алатын, қоғамның рухани дамуының әлемдік үдерісіне интеграциялануға қабілетті мамандар болып қалыптасады.

✓ Консерватория құндылығы:

- 1) білімді дәріптеу;
- 2) кәсіпқойлық, бәсекеге қабілеттілік;
- 3) жеке тұлғаны құрметтеу;
- 4) академиялық адалдық және еркіндік;
- 5) патриотизм;
- 6) ашықтық;
- 7) шығармашылық;
- 8) инновациялық белсенділік.

✓ Консерваторияның даму болашағы:

Алдағы онжылдықта Консерваторияны дамыту оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-зерттеу, халықаралық және шығармашылық қызметтің өзекті мәселелерін шешуге бағытталатын болады.

Ректор



Г. Тасбергенова